



№89 (11144) ЧЕТВЕРГ, 27 НОЯБРЯ 2025 ГОДА

Рудненский рабочий



Городская газета

Основана в 1957 году

rudny_r@mail.ru



Квартирный вопрос

С 24 ноября началось распределение жилья в двух домах: по улице Качарская, 11 и по улице Молодая гвардия, 15

2 стр.



Внимание, Рудный! Телеканал «Рудный дауысы» выходит в эфир!

С 1 декабря 2025 года телеканал «Рудный дауысы» – в бесплатном пакете национального цифрового телевидения DVB-T2. Следите за самыми свежими новостями города, актуальными событиями и интересными репортажами. Будьте с нами – узнавайте первыми, что происходит вокруг.



«Жас сарбаздың» болашағы

Рудный қаласы «Біртұтас ел – біртұтас жер» республикалық акциясы алаңына айналды

3 бет.

В ОБЪЕКТИВЕ



В этом году отремонтировали и реконструировали 17,2 километра теплосетей. Но износ еще остается высоким – более 55 процентов. Особенно это касается частного сектора. Чтобы продолжить там работу, потребуются бюджетные вливания

Порывы были и будут. Износ сетей еще высок

Об итогах работы за год и о прохождении отопительного сезона информировало руководство ТОО «Рудненские тепловые сети»

2 декабря 2025 г. РУДНЫЙ ОТКРЫТИЕ НОВОЙ АПТЕКИ НИЗКИХ ЦЕН ДОБРАЯ

В день открытия Вас ждет:

- БЕСПРОИГРЫШНАЯ ЛОТЕРЕЯ, **начало В 12:00**
- ЧАЕПИТИЕ С УГОЩЕНИЯМИ,
- ВИКТОРИНА С ПРИЗАМИ,
- ПОДАРОК КАЖДОМУ ПОКУПАТЕЛЮ!

ул. Павла Корчагина, 102
внутри мини-маркета «Family»

► На балансе предприятия 182 километра теплосетей. Несмотря на невиданные ранее объемы ремонтных работ за счет вливаний из республиканского бюджета, по-прежнему не удастся вписаться в нормативы замены сетей, чтобы содержать их и успевать капитально ремонтировать до наступления износа. Который сегодня составляет более 55 процентов. ◀

При подготовке к отопительному сезону проведены ремонт и реконструкция магистральных и распределительных сетей протяженностью 17,2 километра. На магистральных и квартальных сетях из средств тарифа отремонтировано 6,3 километра. Из средств областного бюджета подрядной организацией проведен ремонт почти 10 километров распределительных сетей частного сектора. Такой объем за счет тарифа не потянуть. В рамках бюджетных инвестиций из республиканского бюджета в нынешнем году закончена реконструкция квартальных распределительных сетей по городу, это 861 метр теплосетей.

Кроме ремонтов, проходили ежегодные работы по восстановлению изоляции на сетях. На сегодня восстановлена тепловая изоляция на 4,5 километра сетей. Это в основном частный сектор, там, где трубопроводы надземной прокладки в городе и в поселке Горняцкий. Эта работа будет продолжаться и в ноябре, и в декабре.

Всё это дало не только снижение износа теплосетей, но и самое главное – снижение аварийности. – В 2023 году за 10 месяцев было 546 повреждений, в том числе 59 на магистральных сетях, в 2024 году – 323 повреждения, на магистральных сетях всего пять, причем эти пять были только резуль-

татом гидравлических испытаний. За 10 месяцев текущего года насчитывается 216 повреждений, то есть снижение на 33 процента. По-прежнему на магистральных сетях пять повреждений и связаны они с проведением гидравлических испытаний, то есть плановых аварийных отключений не было. И по-прежнему большой процент повреждений на сетях частного сектора: 102 из 216. Несмотря на то, что уже не первый год проводим там работы, надемся, что из областного бюджета выделят финансирование и на 2026 год, чтобы продолжили работы по частному сектору.

Продолжение на 2 стр.



АКТУАЛЬНО

Квартирный вопрос

С 24 ноября началось распределение жилья в двух домах: по улице Качарская, 11 и по улице Молодая гвардия, 15

В доме по Молодой гвардии, 15 насчитывается 20 квартир

► Жилищный вопрос остается одним из самых чувствительных для жителей Рудного. В общественную приемную партии «AMANAT» регулярно поступают обращения, связанные со сроками ожидания жилья и очередностью. В данный момент количество очередников в Рудном составляет свыше 5000 человек. ◀

Чтобы дать разъяснения и обсудить проблемные моменты, партия организовала брифинг с участием начальника Центра обслуживания АО «Отбасы банк» по Рудному Медета Аубакирова.

– В Казахстане граждане, не имеющие собственного жилья, могут рассчитывать на государственную поддержку, включая субсидирование аренды, арендное жилье и льготное кре-

дитование под 2-5 процентов. С мая текущего года все очередники были полностью переданы в АО «Отбасы Банк», что привело к обновлению правил очередности. Теперь подать заявку может любой гражданин Республики Казахстан, достигший 18 лет, при соблюдении следующих условий: отсутствие жилья за последние пять лет, включая недвижимость у супруга или супруги и несовер-

шеннолетних детей, наличие постоянной прописки, – говорит Медет Аубакиров.

Для крупных городов, таких, как Астана, Шымкент и Алматы, требуется постоянная прописка не менее трех лет. В других населенных пунктах, включая Рудный, срок прописки не регламентируется.

Согласно новым правилам, очередь стала единой по всей стране. Теперь используется общая база данных, и распределение осуществляется по дате постановки на учет. Ранее в системе, на сайте kezekte.kz заявитель видел свой индивидуальный номер очереди. Сейчас этой нумерации нет. Действует общая единая база очередников.

Распределение заявителей теперь будет осуществляться в порядке даты постановки на учет. Приоритет получают те, кто находится в очереди дольше. На сегодня в Рудном в очереди на жилье числятся 5191 человек по всем категориям. Всех граждан, которые ранее регистрировались на сайте kezekte.kz, приглашают подтвердить свое согласие на сбор и обработку персональных данных. Необходимо зайти на сайт okgen.

otbasybank.kz с использованием ЭЦП-ключа и повторно дать согласие на обработку данных.

Кроме того, банк проводит инвентаризацию очередников для уточнения информации.

– Для чего мы запрашиваем согласие на сбор и обработку персональных данных? Это необходимо для составления портрета семьи, чтобы учитывать количество членов семьи, ее состав. Такие данные помогают правильно распределять жилье, исходя из потребностей семьи. Если вы стоите в очереди, проверьте себя в списке на официальной странице «Отбасы банк». Этот список обновляется ежемесячно, – отметил спикер.

У очередников возникает вопрос: когда начнут предоставлять квартиры льготным категориям? В Рудном есть достроенные дома, то есть имеется жилищный фонд.

Медет Аубакиров сообщил, что с 24 ноября началось распределение жилья в двух домах: по улице Качарская, 11 и по улице Молодая гвардия, 15. В доме по Качарской, 11 имеется 45 квартир: 19 од-

нокомнатных, восемь двухкомнатных и 18 трехкомнатных. В доме по Молодой гвардии, 15 насчитывается 20 квартир: одна однокомнатная, пять двухкомнатных и 14 трехкомнатных. Таким образом, в общей сложности будет распределено 65 квартир.

Очередники будут уведомлены с помощью СМС-повещений и звонков от Отбасы банка. У каждого очередника будет пять дней на подтверждение согласия и готовности для заключения договора аренды. Если в течение пяти дней ответа не последует, банк переходит к следующему человеку в очереди.

Также Медет Аубакиров отметил, что с 3 ноября в Отбасы банке стартовали две льготные программы: «Наурыз» и «Наурыз жұмыскер».

В программе «Наурыз жұмыскер» могут участвовать все желающие, включая тех, кто стоит в очереди на жилье. Главное условие – наличие депозита в «Отбасы банк». В Рудном участники программы могут выбрать как первичную, так и вторичную недвижимость. Если вы стоите в очереди, то ставка будет семь про-

центов, для всех остальных категорий – девять процентов. Первоначальный взнос составляет 20 процентов. Если речь идет о вторичном рынке, минимальная сумма на депозите должна быть два миллиона тенге. Для первичного жилья в чистовой отделке первоначальный взнос составляет 10 процентов. Срок кредитования варьируется от 10 до 19 лет. Отбор участников проводится на конкурсной основе. Прием заявок проходит с 3 ноября по 1 декабря. В этом году в Рудном по данной программе смогли приобрести жилье 25 человек.

«Наурыз жұмыскер» – это программа кредитования с особыми условиями. Первоначальный взнос составляет 20 процентов, срок кредита – до 19 лет, процентная ставка варьируется от семи до девяти процентов. Для участия в программе необходимо проверить свою профессию в перечне рабочих специальностей, размещенном на сайте. Если ваша профессия включена в этот список, можете подать заявку на участие. В Рудном программа «Наурыз жұмыскер» пользовалась спросом: в этом году выдано 20 кредитов, хотя заявок было подавлено гораздо больше. Некоторые участники не прошли по доходам, другие – по конкурсу, но интерес к программе остается высоким.

Булат МУСИН,
фото Султана СЕРТАЕВА

В ОБЪЕКТИВЕ

Порывы были и будут. Износ сетей еще высок

Об итогах работы за год и о прохождении отопительного сезона информировало руководство ТОО «Рудненские тепловые сети»

Окончание.
Начало на 1 стр.

Тепловые сети частного сектора – это 44 километра, перешли на баланс нашего предприятия в 2022 году. За эти годы заменили порядка 15 километров, то есть еще около 29 километров находятся в неудовлетворительном техническом состоянии, – сообщил руководитель ТОО «Рудненские тепловые сети» Олег Абылкаиров.

Далее он остановился на том, как проходит отопительный период. Объекты социальной сферы к системе теплоснабжения начали подключать 28 сентября, 29-30 сентября начали подачу тепла в капитальные дома. С 1 октября стартовал официальный отопительный сезон.

– За октябрь 2023 года было 73 повреждения на теплосетях, в 2024 году – 70 повреждений, за октябрь этого года – пять повреждений, то есть пять раз мы отключали сети для того, чтобы произвести работы по устранению. Это говорит о том, что правильно наметили участки, которые в неудовлетворительном состоянии и ремонт которых нуж-

но было выполнить в первую очередь, – отметил Олег Абылкаиров.

Также в текущем году проведена полная реконструкция четырех подкачивающих насосных станций ТОО «Рудненские тепловые сети», на которых заменен насосный агрегат.

В этом году появилась еще одна подкачивающая насосная станция – №7, ее устройство обусловлено застройкой 19-го микрорайона. Новая насосная уже в работе. За счет нее удалось значительно улучшить гидравлический режим в 19-м микрорайоне, как на существующих домах, так и на тех, которые будут там построены. Олег Абылкаиров отмечает, что всегда были проблемы по третьей очереди, так как она недостроенная еще с советских времен, здесь отсутствовала насосная станция. Теперь все вопросы по гидравлике в 19-м микрорайоне сняты. Это также приведет к улучшению теплоснабжения потребителей в 20-м микрорайоне, потому что 19-й и 20-й микрорайоны связаны одной магистралью.

– Реконструкция и замена насосов на насосных стан-

“ Перед отправкой номера в печать руководитель ТОО «Рудненские тепловые сети» сообщил, что на 10-м заседании Национального офиса по приватизации, которое состоялось 21 ноября, принято решение о продаже ТОО «Рудненские тепловые сети» в частные руки. На портале уже размещено объявление о приеме заявок от потенциальных покупателей.

– Причина, указанная в документах, – якобы необходимость привлечения инвестиций. Только почему это не было сделано в 2023 году, когда в январе Рудный едва не разморозили, не в год, когда на сетях произошло 636 повреждений? Почему решение принимается именно сейчас – после многомиллиардных инвестиций из бюджета, после приведения систем теплоснабжения в порядок и стабилизации работы?

Напомним: ТОО «Рудненские тепловые сети» стало государственным предприятием лишь в 2020 году. До этого оно находилось в частной собственности – АО «СГПО» ERG. Пять лет ушло на приведение к более-менее нормальному техническому состоянию системы теплоснабжения города. Частный бизнес идет за прибылью. Инвестиции в сфере естественных монополий, где тарифы не оку-

плены, с одной стороны, технически должно привести к тому, что у нас не будет в ближайшей 10-15 лет никаких аварийных ситуаций. Кроме того, за счет новых насосов значительно сократили расход электроэнергии. При этом улучшился гидравлический режим в городе в целом, потому что новые насосы – это лучший КПД, мы держим гидравлический режим, улучшая и качество теплоснабжения, – сказал руководитель ТОО «Рудненские тепловые сети».



пятся, – не его цель. Продажа стратегического предприятия – это не просто ошибка. Это решение, которое подрывает экономическую и социальную стабильность всего региона. Как можно было тихо и без обсуждений вернуть такое решение, не поставив в известность коллектив, акимат и жителей Рудного? Разве так решается судьба людей и городов в «Слышащем государстве»? – прокомментировал ситуацию Олег Абылкаиров.

Поинтересовались у Олега Абылкаирова положением дел в ПКСК, поскольку фиксируются жалобы на отсутствие отопления в многоквартирных домах, где-то по стоякам, где-то по подъездам.

– Есть ПКСК, к которым вообще нет вопросов, так как там осуществляются своевременная подготовка домов к отопительному сезону, своевременная промывка, и, соответственно, в течение одного-двух дней они запускают дома, и по сей день там жалоб нет. А есть очень сла-

бые в этом плане ПКСК. Примерно четвертая часть домов по Рудному не получили паспорт готовности. Не получили по причине отсутствия промывки, отсутствия проведенных ремонтов в рамках подготовки к отопительному сезону. Жители по-прежнему считают, что ПКСК – это орган, который назначил акимат, и акимат должен их контролировать. Никак не переломится эта ситуация. Жители не осознают, что ПКСК – это выбранный орган. И как раз жители должны работать

с ПКСК, не хочу сказать заставлять работать, должны требовать, чтобы ПКСК работал.

Если дом не получил паспорт готовности к отопительному периоду, то на каком основании туда подано тепло?

– Каждый год встает вопрос, что делать с ПКСК, чьи дома не получили паспорт готовности, мы могли бы не запускать дом, не подключать к отоплению. С другой стороны, у нас с каждым потребителем заключен прямой договор на теплоснабжение, и мы обязаны подать тепло. В таких случаях предупреждаем жителей, что дом не подготовлен, но тепло мы подали. И если будут жалобы, то они будут перенаправляться в ПКСК, перерасчеты будут делаться за счет ПКСК. Тем не менее, выезжают на эти жалобы наши работники, и разбираются, что можно сделать среди отопительного сезона, а работники ПКСК поправляют, – ответил Олег Абылкаиров.

Елена ВОРОНИНА,
фото «Rudnyi media»



«Жас сарбаздың» болашағы

Рудный қаласы «Біртұтас ел – біртұтас жер» республикалық акциясы алаңына айналды

► Қаламызға ҚР Қорғаныс министрлігінің өкілдері мен «Жас сарбаз» әскери-патриоттық ұйымының мүшелері келіп, оқушыларға ерлік сабақтарын өткізді, оларға мамандық таңдау бойынша кеңестер берді және патриоттық тәрбиеге ерекше үлес қосқан азаматтарды марапаттады. ҚР Қорғаныс министрлігінің Орталық ансамблінің келуі және әскери қызмет ардагерлерінің қатысуы іс-шараның маңыздылығын арттырып, патриоттық рухты күшейтті. ◀

– «Жас сарбаз» қозғалысы 2018 жылғы 14 қарашада құрылған, биыл оның құрылғанына дәл жеті жыл толып отыр. Қазіргі таңда ұйым қатарында ел бойынша 280 мыңнан астам тәрбиеленуші бар, оның шамамен 7 мыңы Қостанай облысында тұрады. Аймақта «Жас сарбаз» клубының 333 әскери-патриоттық сыныбы жұмыс істейді, – дейді «Жас сарбаз» балалар-жасөспірімдер әскери-патриоттық қозғалысы РҚБ төрағасы Мейірбек Меңдіғалиев.

Ол №14 және №19 мектептеріне барып, «Жас сарбаз» сыныптарының жұмысымен танысты. Кездесу барысында тәрбиелік жұмыстар мен оқу процесін көріп, балалардың жетістіктеріне куә болып, үлкен қуанышқа бөленді. Сонымен қатар, 2023 жылы Жоғарғы Бас қолбасшының «Жас сарбаз» қозғалысын ұлттық деңгейге көтеру туралы тапсырмасының сәтті жүзеге асырылып жатқанына сенім білдіріп, қозғалыстың әрі қарай дамып, жаңа нәтижелерге қол жеткізіп, жастардың қатысуын кеңейтетінін атап өтті.

– «Жас сарбаз» қозғалысына ер балалар да, қыздар

да қатыса алады. Қазіргі таңда қозғалыс жалпы білім беретін мектептер мен колледждер базасында ұйымдастырылған, – деді Мейірбек Меңдіғалиев.

«Жас сарбаз» клубының мүшелері тереңдетілген бастапқы әскери дайындықтан өтеді, бұл оларға болашақта жоғары оқу орнына түсуге және өмірін Отан қызметіне арнауға мүмкіндік береді.

Оқыту бағдарламасы бастапқы әскери дайындықты терең меңгеруді және атыс дайындықтарын, жер үстінде бағдарлау, тактикалық дағдылар, әскери жауынгерлік өнерді, сондай-ақ моральдық және адамгершілік аспектілерді – би өнерін және әскери-патриоттық байқаулар мен жарыстарға қатысуды қамтиды. Мұның бәрі әскери ортаға бейімделуді жеңілдетіп, моральдық-психологиялық тұрақтылық қалыптастырады.

2026 жылғы 1 қаңтардан бастап әскери-патриоттық тәрбиелеу туралы заңға енгізілген өзгерістер күшіне енеді. Соған сәйкес, «Жас сарбаз» әскери-патриоттық клубтары мен сыныптарының тәрбиеленушілері Қазақстан Республикасының



Жиын соңында оқушыларды әскери-патриоттық тәрбиеге елеулі үлес қосқан мұғалімдер мен басшылар марапатталды

әскери жоғары оқу орындары мен колледждеріне түсу кезінде жеңілдіктер алады.

– Егер бұл жеңілдіктің нақты қалай іске асатынын айтсақ, мысал келтіруге болады. Алматыдағы Құрлық әскерлерінің әскери институтына екі жасөспірім түседі делік. Біріншісі – жалпы білім беретін сыныпта оқыған. Ал екіншісі арнайы сыныпта, бастапқы әскери дайындықты тереңдетіп оқып, республикалық және халықаралық әскери-патриоттық іс-шараларға қатысып, арнайы дайындықтан өтіп, тиісті оқу сағаттарын аяқтағаны туралы сертификат және «Жас сарбаз» куәлігін алған. Сол себепті екінші үміткерге қабылдау кезінде басымдық пен жеңілдіктер беріледі. «Жас сарбаз» сияқты арнайы сыныптарда оқу қосымша ар-

тықшылық береді: оқушылар қажетті білім мен дағдыларды игереді, бұл олардың әскери оқу орындарына сәтті түсу мүмкіндігін арттырады, – деп түсіндіреді Мейірбек Меңдіғалиев.

Қазақстан Республикасының әскери жоғары оқу орындары мен Қарулы күштер оқу орындарында білім беру грант негізінде жүргізіледі. Бұл оқу кезінде толық тамақтандыру, жатақханамен қамтамасыз ету, әскери киім формасы және оқу материалдары қарастырылған, ал ақы төлеу негізінде оқыту жоқ.

Елімізде үш әскери жоғары оқу орны жұмыс істейді: Алматыдағы Құрлық әскерлері институты, Алматыдағы радиоэлектроника және байланыс әскери инженерлік институты, сондай-ақ Ақтөбедегі Әуе қорға-

нысы күштері әскери институты. 11 сыныпты бітіріп, ҰБТ-де жеткілікті балл жинамаған оқушылар үшін әскери колледждерге түсу мүмкіндігі бар. Оларға Бурабайдағы кадет корпусы (Щучинск қаласы), Астана, Қарағанды және Алматыдағы Бауыржан Момышұлы атындағы әскери-спорттық колледждер, сондай-ақ Шымкенттегі Сабыр Рахымов атындағы әскери колледж жатады.

Сонымен қатар, ҰБТ-дан өтпегендерге әскери оқу орындарына әскерде міндетті қызметін өтегеннен кейін түсу мүмкіндігі қарастырылған. Қызмет кезінде сарбаздар оқыту бағдарламаларын, соның ішінде атыс және тактикалық дайындықты өтіп, бағалар алады. Бұл мәліметтер базаға енгізіліп, сарбаздар «Срочник 2.0» бағдарламасын пайдалана алады. Осы бағдарлама арқылы әскерде міндетті қызмет атқарып жүргендер азаматтық және әскери оқу орындарында грант негізінде оқуға мүмкіндік алады. Жеңілдіктер әскери қызметшілердің соңғы рейтинг нәтижелері бойынша беріледі.

Іс-шара аясында жас ұрпақты әскери-патриоттық тәрбиелеуге елеулі үлес қосқан мұғалімдер мен басшылар марапатталды. Алғыс хаттар №14 мектеп директоры Гүлнара Урмановаға, №14 мектептің НВПТ ұйымдастырушысы Бауржан Хамзинге, Ахмет Байтұрсынұнов атындағы мектеп директоры Гүлжазира Смағұловаға және Ахмет Байтұрсынұнов атындағы мектептің НВПТ ұйымдастырушысы

Аманжан Исламбековке табыс етілді. Сондай-ақ Балалар мен жасөспірімдердің шығармашылық және дамыту сарайының директоры Ирина Баканованың еңбегі де атап өтілді.

Кездесуге қатысушылар ҰҚКҚ РҚК Ұлттық әскери-патриоттық орталығы мен Әскери-тарихи музейдің Ұлы Жеңістің 80 жылдығына арналған көшпелі көрмесін тамашалай алды. Көрмеде ордендер, медальдар, майдан хаттары, архивтік фотосуреттер, құжаттар, әскери киім мен техника қойылды. Кейбір экспонаттар №6697 әскери бөлімінің қызметкерлері таныстырды. Арнайы назар Қазақстанның Ұлы Отан соғысындағы батырлары – Алия Молдағұлова, Бауыржан Момышұлы және Рақымжан Қошқарбаевқа аударылды.

ҚР Қорғаныс министрлігінің Орталық ансамблі көрермендерге концерттік бағдарлама ұсынып, мақтаныш пен естелік атмосфера-сын қалыптастырды.

Рудный қаласындағы іс-шара тек диалог алаңы ғана емес, мемлекеттік органдар, білім беру мекемелері мен қоғамдық ұйымдардың бірлескен күш-жігері жаңа, белсенді және жауапты жастарды тәрбиелеу жағдайын қалай жасай алатынының үлгісі болды.

Осындай ақпараттық-түсіндіру жұмысы топ тарапынан Қостанай мен Тобыл қалаларында да жүргізілді.

Арай АХМЕТ,
суретті түсірген
Айбар БЕРІК

ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП

Балалардың қауіпсіздігі – әр отбасының басты міндеті

Ювеналды полиция инспекторы Диас Парижжанмен сұхбат

Қазіргі таңда жасөспірімдердің құқық бұзушылыққа бейімділігі Рудный қаласында өзекті мәселе болып отыр. 23:00-ден кейін ата-анасының немесе заңды өкілінің бақылауынсыз көшеде болу, компьютерлік клубтар мен ойын орталықтарында ұзақ уақыт өткізу сияқты құқық бұзушылықтар жиі кездеседі. Осыған байланысты Рудный қаласының ювеналды полиция инспекторы, аға лейтенант Диас Парижжанмен сұхбаттастық.

Ол жасөспірімдердің құқықтық жауапкершілігі, ата-аналардың ролі, сондай-ақ мектеп каникулдарының қарсаңында балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жолындағы профилактикалық шаралар туралы айтып берді. Сұхбат барысында жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылық себептері, олардың полицияға деген



Диас Парижжан

көзқарасы және ата-аналарға арналған маңызды кеңестер қарастырылды.

– Қазіргі кезде ең өзекті құқық бұзушылық – 23:00-ден кейін ата-анасының немесе заңды өкілінің бақылауынсыз көшеде болу. Бұл әрекет Қазақстан Республикасының Әкімшілік

құқық бұзушылық туралы кодекстің 442-бабының бірінші бөлімімен реттеледі. Бірінші рет анықталған жағдайда жасөспірімге ескерту беріледі, екінші ретте әкімшілік айыппұл салынады (5 АЕК), ал егер құқық бұзушылық бірнеше рет қайталанса, іс сотқа жолданады. Сол сияқты компьютерлік клубтар, плейстейшн-клубтар және кинотеатрларда жасөспірімдердің болуына қатысты да әкімшілік жауапкершілік қарастырылған – 10 АЕК көлемінде айыппұл салынады. Мұндай жағдайда заңды өкілдер жауапқа тартылады, себебі жасөспірімдер құқық субъектісі болып табылмайды.

– Жеке жауапкершілік неше жастан басталады? – Қазақстанда толық жастағы азаматтық жауапкершілік 18 жасынан басталады. Алайда жасөспірімдер

16 жастан бастап қылмыстық жауапкершілікке тартыла алады, мысалы, ұрыскері кезінде. Сондықтан ата-аналардың бала әрекеттеріне қатысуы міндетті.

Инспектор атап өткендей, соңғы жылдары бұл құқық бұзушылық түрі қала мектептерінде ең жиі тіркелетін жағдайлардың бірі болып отыр. Мысалы, 2025 жылдың бірінші жартыжылдығында 12-16 жас аралығындағы 35 оқушы 23:00-ден кейін көшеде болғаны үшін ескерту алды, ал 8 бала әкімшілік айыппұлмен жазаланған.

– Ювеналды полиция қандай профилактикалық шараларды қолдануда?

– Жыл бойына жоспарланған профилактикалық іс-шаралар бар. Олар әр мектепке бөлініп, бесінші сыныптан он бірінші сыныпқа дейінгі оқушылармен жеке және топтық әңгімелер жүр-

гізеді. Сонымен қатар, патрульдік полиция қызметкерлері мен учаскелік инспекторлар қатысады. Мобильді топтар құрылып, олар ювеналды полиция, опека органдары және прокуратура қызметкерлерінен тұрады. Бұл топтар жасөспірімдердің құқық бұзушылықтарға бейімділігін анықтап, профилактикалық жұмыс жүргізеді.

Мектептерде комиссиялар бар, олар құқық бұзушылыққа бейім балалармен жұмыс істейді. Егер оқушы мектепке бармаса немесе сабақтан қашса, мектеп бізбен бірлесіп әрекет етеді. Қажет болса, бала арнайы мектепке немесе психологқа жіберіледі. Біздің жұмысымыз карательдік емес, профилактикалық сипатқа ие: біз ата-аналарды және балаларды дұрыс жолға бағыттауға тырысамыз.

– Ата-аналарға қандай кеңес бересіз?

– Балаларды құқық бұзушылықтардан сақтандыра отырып, үйде қауіпсіздік шараларын қолданыңыздар: терезелерді бекітіңіз, балаларды өз бетімен өзенге немесе балық аулауға жібермеңіз, 23:00-ден кейін көшеде жүрмеуге үйретіңіз. Өмір мен денсаулық тек ата-аналардың бақылауында екенін ұмытпаңыздар.

Балалардың қауіпсіздігі және олардың дұрыс тәрбиеленуі – тек полицияның ғана емес, әр отбасының да жауапкершілігі. Ата-аналар өз бақылауларын күшейтіп, балаларымен ашық сөйлесіп, олардың бос уақытын қауіпсіз әрі пайдалы өткізуге көңіл бөлуі қажет.

Жанарай
РҮСТЕМҚЫЗЫ,
суретті түсірген
Айбар БЕРІК

БАЛАЛАРДЫ ҚОЛДАУ

«Әр бала мектеп ұжымының толыққанды мүшесі болуға құқылы»

№17 мектепте ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушыларға арналған кешенді қолдау жүйесі жасақталған

► Ерекше білім беруді қажет ететін балаларға қамқор болу – мектептің жүйелі еңбегін, ұдайы назарын талап ететін маңызды іс. №17 мектепте бұл бағыт бірзді жолға қойылған: ерекше оқушылар үшін арнайы сыныптар ашылып, жалпы сыныптарда да олардың мүмкіндігіне лайықталған оқу мазмұны енгізілген. Оқушыларға демеу болатын педагог-ассистенттер жұмыс істейді. 2019 жылдан бері балаға жан-жақты жәрдем көрсететін арнайы кабинет жұмыс істейді. ◀

– Арнайы сыныптарда 8-12 баладан ғана оқытылады. Бұл – әрбіріне көңіл бөліп, қабілетіне қарай жетектеп отыруға кең мүмкіндік береді. Жалпы сыныптарда даму қарқыны баяу немесе бірнеше ерекше диагнозы бар балалар да білім алады. Ондай оқушыларға арнап бейімделген бағдарламалар енгізілген, қасынан үнемі педагог-ассистенттер табылып, қолдау көрсетеді, – дейді инклюзивті білім беру жөніндегі директордың орынбасары Наталья Фролова.

Педагогтардың негізгі мақсаты – баланың сабаққа деген қызығушылығын қалыптастырып, оқу тәртібін реттеу, сондай-ақ шаршау немесе эмоциялық кернеу сияқты қолайсыз сәттерді дер кезінде байқап, қолдау көрсету. Мұндай кезде оқушы уақытша сабақтан шығып, қолдау кабинетінде тынығып, көңілін жинап, сабырмен орнықтыра алады. Әсіресе, бірінші сыныпқа енген балалардың оқу дағдылары толық қалыптаспаған жағдайда, олар педагогтармен қосымша жұмыс істеу үшін кабинетте көбірек уақыт өткізе алады.

– Бірінші сынып оқушыларымыз бастапқы екі сабаққа жақсы қатысады. Ал үшінші, төртінші сабақтарда оларға қосымша қолдау қажет болғандықтан, олар оқуын қолдау кабинетінде жүргізілетін арнайы сабақтармен бірге жалғастырады. Бұл кабинет тек аутизм спектріндегі балаларға ғана емес, сондай-ақ мамандардың жеке көмегін қажет ететін барлық оқушыларға арналған. Балалар ПМПК арқылы қажетті мамандар анықталған соң, біз оларға түзету-дамыту сабақтарын ұсынып, арнайы әңгімелер өткіземіз, ата-аналарына және балаларға психологиялық қолдау көрсетеміз. Барлық жағдай оқушылардың педагогтар мен мамандардың тұрақты бақылауында болуын қамтамасыз етеді. Жұмыс толықтай команда ретінде ұйымдастырылады, – дейді Наталья Фролова.

Наталья Борисовнаның сөзінше, мектептегі командаға тек әкімшілік пен мұғалімдер ғана емес, ата-аналар, оқушылар және техникалық қызметкерлер де кіреді:

– Біз бәріміз бірігіп балалардың тез бейімделуі-

не, қоғамға сіңісіп, мектеп өмірінің толыққанды мүшесіне айналуына қолдау көрсетеміз, – дейді ол.

Қазір мектепте 140 бала оқиды, оларға арнайы мамандардың көмегі мен ерекше назар қажет. Штатта педагогтар, ассистенттер, психологтар, дефектологтар және логопедтер бар. Дегенмен, қосымша мамандарға әлі де сұраныс бар.

– Біздің педагогтарымыз барлық балалармен бірдей жұмыс істейді. Егер маман бір уақытта тек 12 ерекше қажеттілігі бар баланы ғана қамтуы керек болса, қалған оқушылар үшін біз ұқсас диагноздары мен ерекшеліктері бар топтар мен кіші топтар құрамыз. Бұл әрбір балаға жеке көңіл бөлуді және сабақтарды тиімді ұйымдастыруды қамтамасыз етеді. Осы мақсатта арнайы жағдайлар жасалған, оның ішінде психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу кабинеттері бар. Өткен жылы біз кабинетті толық жабдықтап,



Ұстаздар білім алушылармен жүйелі түрде жеке жұмыс істейді

батта, мұнда бірінші, екінші және үшінші деңгейдегі арнайы сыныптар орналасқан, толық бейімделген орта жасалған. Балалар тапсырмаларды ойын арқылы орындап, жұмысты аяқтаған соң немесе басқалардан бұрын демалыс аймағына өту мүмкіндігіне ие. Белсенділікті ауыстыру мен тынығу оларға қосымша ынта береді және оқу мотивациясын қолдауға септігін тигізеді.



Мектеп оқушыларын педагог-ассистенттер бағыттайды. Олардың оқу үлгерімдерінің жоғарылауы басты назарды

арнайы дидактикалық материалдармен қамтамасыз еттік. Сонымен қатар, Монтессори кабинеті де жартылай жабдықталып, балаларға математика, сауат ашу және сөйлеу дағдыларын дамытуға кең мүмкіндік беретін жағдай жасалды, – дейді Наталья Борисовна.

Өткен жылы сенсорлық интеграция кабинеті толық жабдықталды. Мұнда тек назарын ауыстыру қажет балалар ғана емес, кез келген сыныптан оқушылар, соның ішінде жалпы білім беретін сыныптағы балалар да демала алады.

Арнайы білім беру қажеттіліктері бар оқушыларға ерекше жағдайлар қарастырылған. Бірінші қа-

де ғана бақылау үшін дайындалады. Практика көрсеткендей, ассистентке тәуелділікті біртіндеп азайтқанда, бала сыныпқа тезірек бейімделеді, әлеуметтік қатынасқа түседі, сыныптастарымен қарым-қатынас орнатады және мұғалімді тыңдайды. Сол арқылы бала енді тек ассистентке емес, өзіне және сыныптастарына сенуге үйренеді, – дейді Наталья Фролова.

Баланы ерте жаста сүйемелдеу арқылы оның дамуы мен түзетуіне қандай нәтиже қол жеткізуге болатынын сұрағанда, Наталья Борисовна былай дейді: мектеп тәжірибесі көрсеткендей, бастауыш сыныптарда көп оқушыларға бейімделу қиынға соғады. Әсіресе ақпаратты қабылдау ерекшеліктері бар балаларға бұл қиындық тән. Педагог-ассистенттің қолдауы болмаса, мұндай балалар сабаққа төтеп беру, сыныптастарымен қарым-қатынас жасау және оқу процесіне толық араласу үшін күресуге мәжбүр болады. Кейбірінде мінез-құлық ерекшеліктері айқын көрініс тауып, қарым-қатынасқа құштарлығы төмен, кейде тіпті сөйлеуі жоқ болып жатады. Мұндай жағдайда педагог-ассистент – баланың мұғалімді естуіне, сыныптастарын байқауына және оларға қол созып, байланыс орнатуына көмектесетін маңызды буын.

Сонымен бірге, Наталья Борисовна атап өткендей, баланс сақтау өте маңызды. Ассистент баланың орнына тапсырма орындаушыға немесе қамқоршыға айналуы керек. Оның міндеті – оқушыға өздігінен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру. Біртіндеп педагог екінші жоспарда қалып, баланың өз бетімен тапсырмаларды орындауына мүм-

кіндік береді. Бұл прогресс әсіресе төртінші сыныпқа жеткенде айқын көрінеді: балалар өздеріне сенімді, тәуелсіз болып өседі.

– Ата-аналар қолдай бермейді. Кейде олар баланы жіберуге қорқып, тым қамқорлық көрсетеді. Дегенмен, біз байқаймыз, көп балалар бізбен бірге болуға қуанады, сыныптастарымен араласады, және бұл айналаға да байқалады. Бала өздігінен жұмыс істеуге дайын, бірақ кейде анасы оны әлі жібергісі келмейді. Мұндай кезде ата-аналарға дұрыс түсіндіріп, қолдау табу өте маңызды, – дейді Наталья Фролова.

Жанна Ищанова – бірінші сынып оқушысының анасы. Баласына назар тапшылығы мен гиперактивтілік синдромы диагнозы қойылған. Өзінің 17 жылдық педагогикалық тәжірибесі бар Жанна мектепте әр баланың жеке мүмкіндігіне сай бейімделген оқу бағдарламалары жасалғанын атап өтті.

– Бұл балаға ата-ананың үнемі көмегінсіз қоғамда араласуды біртіндеп үйретуге мүмкіндік береді. Педагогтар арнайы бағдарламаларды қолданып, өз біліктілігін үнемі жетілдіреді. Осылай ата-аналардың сенімін арттырып отыр. Балам жалпы сыныпта оқиды. Кейде гиперактивтілігі немесе шаршауы байқалса, демалу мен ойын үшін арнайы сыныпқа өтіп, кейін қайта сабаққа оралады. Баламызды мектепке невролог пен педиатрдың ұсынысы бойынша қабылдадық, – дейді Жанна.

Оқу жылы енді басталғанымен, өзгерістер көріне бастады: бала мектепке қуана барады, өздігінен оянып, сабаққа асыға аттанады. Үйде де өз бетінше тапсырмаларды орындап, ата-анасын қуантады.

№17 мектепте әртүрлі себептермен үйде оқитын балалар да бар. Оларға қазір біртіндеп заманауи, ыңғайлы қашықтан оқыту формалары енгізілуде.

– Біз оқытуда аралас әдісті қолданамыз, балаларды мектеп өміріне интеграциялаймыз, осылайша олар сыныптастарымен бірге оқи алады. Өйткені әр баланың мектеп қауымдастығының толыққанды мүшесі болуға құқығы бар, оның ерекшелігі қаншалықты қиын болса да. Біздің міндетіміз – оларға бейімделуге көмектесу және толыққанды оқуға жағдай жасау. Бала бізге келгенде, біз оның жеке ерекшеліктерін мұқият зерделейміз. Бұл оның “ерекше” болғаны үшін емес немесе “бірдеңе дұрыс емес” дегенді білдірмейді, керісінше, қалай көмектесе алатынымызды түсіну үшін және мектеп ортасын дәл осы балаға ыңғайлы ету үшін жасалады, – дейді Наталья Фролова.

Мысал ретінде 10 жастағы Айару Уразинбетованың оқиғасын келтіруге болады. Ол бұрын түзету мектепте оқыған. Қазір №17 мектепте үйде оқып жүр.

– Айару біздің мектепке келген сәттен бастап, біз оның оқуына дайындық жұмыстарын бастадық: он мұғалім «Дара» қорының мамандарынан тифлопедагогиканың негіздері бойынша оқудан өтті. Біздің педагогтар сонымен қатар Брайль әдістемесін кеңірек, көзі нашар көретін балалармен тиімді жұмыс істей алады, – дейді Наталья Фролова.

«Дара» қоры мектеп жобасын қолдап, оқу құралдары мен кітаптарды сатып алуға қаржы бөлді. Мұғалімдер мен оқушылар үшін тифлолитература, көркем әдебиеттер мен оқулықтар алынды.

Өткен жылдан бері Айаруға арналған сабақтар аралас форматта жүргізіледі: кейбірі үйде, кейбірі сыныпта өтеді. Ал биылдан бастап мектеп оқушыға жаңа тәсіл енгізді: қазір Айару толықтай мектепте болады, мұғаліммен жеке тапсырмаларды орындайды және сыныптастарымен бірге бірлескен сабақтарға қатысады.

Мектеп балалар үшін шынайы жаңалықтар орны болып табылады. Мұнда әр бала өз темпімен оқып, дами алады. Әрбір жетістік, әр жаңа дағды – мақтанышқа себеп. Педагогтардың қолдауы, әр оқушының ерекшелігіне көңіл бөлінуі және жылы, жайлы атмосфера балаларға сабаққа шынайы қызығушылықпен араласуға, өзін маңызды және қажетті сезінуге мүмкіндік береді.

Арай АХМЕТ,
суреттерді түсірген
Сұлтан СЕРТАЕВ

«Әкімшілік-аумақтық бірліктерге, елді мекендердің құрамдас бөліктеріне атау беру, оларды қайта атау, сондай-ақ олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту кезінде тиісті аумақ халқының пікірін ескеру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2023 жылғы 1 тамыздағы № 211 бұйрығына сәйкес, азаматтардың назарына Рудный қаласының көшелерін қайта атау мәселесі бойынша қоғамдық пікірді зерделеуге арналған Рудный қалалық мәслихатының тұрақты комиссияларындағы көпшілік тыңдаудың хаттамасын ұсынамыз.

Рудный қалалық мәслихатының тұрақты комиссияларындағы көпшілік тыңдаудың ХАТТАМАСЫ

Өткізу күні: 2025 жылғы 21 қараша
Өткізу орны: Рудный қаласы, 50 лет Октября көшесі, 5А

Көпшілік тыңдаулар өткізу туралы ақпарат Рудный қаласы мен Горняк кенті жұртшылығының назарына 2025 жылғы 21 қазанда Рудный қалалық мәслихатының және Рудный қаласы әкімдігінің ресми интернет-ресурстарында, 2025 жылғы 23 қазанда «Рудненский рабочий» қалалық газетінде, Рудный қалалық мәслихатының Facebook және Instagram @maslihat.rdn әлеуметтік желілерінде жариялау арқылы жеткізілді.

Төрағалық етуші: Рахметов Жандос Жарылқасынұлы, халықты әлеуметтік қорғау, білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет және спорт мәселелері жөніндегі тұрақты комиссияның төрағасы.

Қатысқандар: депутаттар, Рудный қалалық мәслихатының тұрақты комиссияларының мүшелері.

Шақырылды: Рудный қаласы жұртшылығының өкілдері, мемлекеттік мекемелердің, қала ұйымдарының басшылары және бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері.

Көпшілік тыңдаудың күн тәртібі:

50 лет Октября көшесін – Достық көшесіне және И. Франко көшесін – Әлия Молдағұлова көшесіне қайта атау туралы мәселелер бойынша қоғамдық пікірді зерделеу.

ОТЫРЫСТЫ АШТЫ:

Рахметов Ж. (Төрағалық етуші): Құрметті көпшілік тыңдауларға қатысушылар! Көпшілік тыңдауларды жүргізу, отырыс барысында екі тілдің де тең қолданылуын қамтамасыз ете отырып, мемлекеттік және орыс тілдерінде жүзеге асырылады.

Құрметті депутаттар мен шақырылғандар!

Рудный қалалық мәслихатының атына Рудный қаласы жұртшылығы өкілдерінің бастамасымен жасалған Рудный қаласының көшелерін қайта атау мәселесі бойынша Рудный қаласы әкімінің өтініші келіп түсті.

2025 жылғы 21 қазанда қалалық мәслихаттың тұрақты комиссияларының бірлескен отырысында осы өтініш алдын ала қаралды, отырыстың қорытындысы бойынша «50 лет Октября көшесін – Достық көшесіне және И. Франко көшесін – Әлия Молдағұлова көшесіне қайта атау туралы мәселелер бойынша қоғамдық пікірді зерделеу» тақырыбында көпшілік тыңдау ұйымдастыру туралы қаулы қабылданды.

Рудный қалалық мәслихатының регламентіне сәйкес, көпшілік тыңдаулардың өткізілуі туралы ақпарат Рудный қаласының тұрғындарының назарына 2025 жылғы 21 қазанда Рудный қалалық мәслихаты мен Рудный қаласы әкімдігінің ресми интернет-ресурстарында, 2025 жылғы 23 қазанда «Рудненский рабочий» қалалық газетінде, сондай-ақ Рудный қалалық мәслихатының Facebook және Instagram @maslihat.rdn әлеуметтік желілерінде жариялау арқылы жеткізілді.

Көпшілік тыңдаулар қалалық мәслихат төрағасының өкімімен құрылған, Рудный қалалық мәслихатының жұмыс тобымен ұйымдастырылды.

Отырысқа жұртшылық өкілдері – Рудный қаласының тұрғындары, Рудный қаласы әкімінің орынбасары, күн тәртібіндегі мәселелерді қарау кезінде көмектесетін түрлі мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың өкілдері, құқық қорғау органдарының және бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері шақырылды.

Тыңдауды жүргізу үшін тыңдау жұмысының мынадай регламенті ұсынылады: мәселелер бойынша баяндамашыларға жеті минутке дейін берілісін. Сөз сөйлеушілер үшін- қажет болған жағдайда үш минутке дейін.

Кім осы жұмыс регламентін қолдайды, дауыс беруі сұраймын. Тұрақты комиссия мүшелері бірауыздан «қолдады».

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес елді мекендердің құрамдас бөліктерін қайта атау кезінде халықтың пікірін ескеру міндетті болып табылады. Халықтың пікірі қалалық мәслихат депутаттары тарапынан Рудный қалалық мәслихатының тұрақты комиссияларының өткізілген көпшілік тыңдауларының негізінде ескеріледі және хаттамалар рәсімделеді. Көпшілік тыңдаулардың хаттамасы Рудный қалалық мәслихаты мен Рудный қаласы әкімдігінің ресми интернет-ресурстарында орналастырылады және «Рудненский рабочий» газетінде жарияланады. Бүгінгі отырысқа қатысып отырған жұртшылық өкілдері негізгі баяндамашылар сөйлеп болғаннан кейін, тыңдау барысында өз пікірлерін білдіре алады. Мәселе бойынша баяндамашылар көпшілік тыңдауларға дайындық кезінде жұмыс тобы арқылы белгіленді.

Құрметті көпшілік тыңдауларға қатысушылар, сұрақ қойғанда өз теңіңізді, атыңызды, әкеңіздің атын толық атауды өтінемін, бұл хаттама үшін қажет. Барлық қатысушылардан пікір білдіру кезінде өзара құрмет, ұстамдылық және төзімділік танытуды сұраймын.

Естеріңізге сала кетейік, бұл мәселені талқылау кезінде этика және сыйластық қарым-қатынас нормаларын қатаң сақтау қажет.

Ар-намысқа тиетін, қорлайтын, кемсітетін пікірлер айтуға, сондай-ақ ұлттық, тілдік немесе өзге де белгілер бойынша алауыздықты қоздыруға шақыратын кез-келген сөзге тыйым салынады.

Сөз берілемей орыннан айтылған сөздер тіркелмейді және хаттамаға енгізілмейді. Отырыс тәртібі бұзылған жағдайда төраға регламентті бұзған адамның сөзін тоқтатып, залдан шығуын талап ету құқығын өзіне қалдырады.

Көпшілік тыңдаулар мемлекеттік және орыс тілдерінде жүзеге асырылады, қатысушылардың баяндамалары мен сөз сөйлеулерге аталған тілдердің кез келгенінде жол беріледі.

Рахметов Ж.: 50 лет Октябрі көшесін Достық көшесіне және И. Франко көшесін Әлия Молдағұлова көшесіне қайта атау туралы ұсынысты Рудный қаласы тұрғындарының бастамашы тобы енгізді.

Қайта атау бойынша бастамашы топ өкілдерінің бірі, Рудный қаласының тұрғыны, 50 лет Октябрі көшесінде тұратын - Құнзақов Нұржан Манасұлын тыңдауды ұсынамын.

Құнзақов Н.: Қайырлы күн! Құрметті тыңдалымға қатысушылар, қадірлі қала тұрғындары! Бүгін біз қаламыздағы көше атауларына қатысты маңызды мәселені талқылап отырмыз. Бұл – тек атау өзгерту емес, тарих пен рухты жаңғыртуға бағытталған игі бастама. Құрметті қалалық мәслихат депутаттары мен қала әкімшілігі! Біз, Рудный қаласында тұратын азаматтармен бірге, қаламыздағы кейбір көшелердің атауларын заман талабына сай, ұлттық рух пен қазақтың бірлігін бейнелейтін атаулармен алмастыру жөнінде Сізге осы өтінішті жолдаған болатынбыз.

Біріншісі, Иван Франко көшесін Әлия Молдағұлова көшесі деп қайта атау туралы ұсыныс білдіреміз. Көше атаулары халықтың тарихи санасын қалыптастыруда, ұлттық құндылықтарды дәріптеуде және ел ерлерінің рухына құрмет көрсетуде маңызды рөл атқарады. Иван Франко – өзге халық үшін маңызды тұлға болғанымен, оның Қазақстан тарихы мен мәдениетіне тікелей қатысы жоқ.

Ал Әлия Молдағұлова – қазақ халқының ұлттық қаһарманы, ерлік пен Отанға шегінбейтіндіктің символы. 1944 жылы небәрі 18 жасында ол жауынгерлерді дабылға бастап, жаудың пулеметін жойып, Отан азаттығы жолында ерлікпен қаза тапты. Оның батырлығы – шынайы патриотизм мен отансүйгіштіктің жарқын үлгісі. Әлианың ерлігі жас ұрпақты елін сүйуге, өз тарихын құрметтеуге тәрбиелейді.

Аталған көшеде «Ксе алу және Даңқ аллеясы» орналасқан. Бұл – батырлық пен ерлікті ұлықтайтын, тәрбиелік маңызы зор іс-шаралар өтетін рухани мөні жоғары орын. Сондықтан көшеге Әлия Молдағұлова есімін беру – ұрпаққа өнеге, аллеяның мазмұнымен үндес келетін әділетті шешім деп санаймыз.

Екіншісі, 50 лет Октябрі көшесін Достық көшесі деп қайта атау мүмкіндігін қарастыруыңызды сұраймыз. Бұл көшеде әр түрлі этнос пен мәдениет өкілдері, түрлі дін ұстанушылары тату-тәтті өмір сүреді. Арасындағы өзара құрмет, түсіністік пен ынтымақ – шынайы достықтың көрінісі. Осыған орай «Достық» атауы көшенің қазіргі рухын толық бейнелейді деп есептейміз.

Жаңа атау қоғамымыздың негізгі құндылықтары – бейбітшілік, ұлтаралық келісім, төзімділік және бірлікті айқындайды. Сондай-ақ ол мемлекеттік тілге, ұлттық мәдениетке деген құрметті арттырып, татулықтың символына айналары сөзсіз. Қадірлі қауым! Біз көше атауын өзгертумен қатар, жас ұрпаққа өнеге қалдырамыз. Бұл – тарихқа тағзым, болашаққа бағыт. Сондықтан осы ұсыныстарымызды қолдап, қаламыздың рухын көтеретін шешім қабылдаймыз деп сенемін. Назарларыңызға үлкен рахмет!

Рахметов Ж.: Сөз «Рудный қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» ММ басшысы, Рудный қаласы әкімдігі жанындағы ономастика мәселелері жөніндегі жұмыс тобы төрағасының орынбасары Джамбурчина Жанна Ерманқызына беріледі.

Джамбурчина Ж.: Құрметті Рудный қалалық мәслихатының депутаттары, қала тұрғындары және көпшілік тыңдауға қатысушылар! Қаламыздың көшелер атауларын өзгерту мәселелерін талқылауға арналған жиналға қатысып отырған баршаңызға алғыс білдіремін. Мүндай кездесулердің маңызы ерекше, себебі дәл осындай ашық диалогтарда қала тұрғындарының пікірі ескеріледі, ал бұл ономастика саласындағы – яғни көшелер мен өзге де нысандарға атау беру және атауын өзгерту үдерісіндегі – ең маңызды бөлік болып табылады. Сондай-ақ, қала тұрғындарының ұсыныстары мен пікірлері Рудныйдың рухани келбетін қалыптастыруға, тари-

хи әділдікті қалпына келтіруге және жастарға өнеге болатын тұлғаларды дәріптеуге өз үлесін қосады. Рұқсат етсеңіздер, қайта атау рәсімдерінің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қатаң тәртіппен жүргізілетінін қысқаша еске сала кетейін. Нақтылап айтқанда, бұл рәсімдер «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Қазақстан Республикасының Заңына және Әкімшілік-аумақтық бірліктерге, елді мекендердің құрамдас бөліктеріне атау беру, оларды қайта атау, сондай-ақ олардың атауларының транскрипциясын нақтылау және өзгерту кезінде халықтың пікірін есепке алу қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады. Сонымен қатар, ономастикалық қызметті орталықтандыруға бағытталған жаңа нормаларға сәйкес көшелерді қайта атау жөніндегі соңғы шешім Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі жанындағы Республикалық ономастикалық комиссияда қабылданады.

Біздің міндетіміз – жергілікті деңгейде барлық белгіленген рәсімдерді орындау, жариялылықты қамтамасыз ету және ұсынылып отырған өзгерістерге қоғамдық қолдау қалыптастыру. Жүргізіліп жатқан жұмыстың мақсаты — тек ескі атауларды ауыстыру емес, ұлттық құндылықтарды, тарихи сабақтастықты, патриотизмді және Қазақстанда тұратын халықтардың достығын бейнелейтін ономастикалық кеңістік қалыптастыру.

2025 жылғы 17 қазанда Рудный қаласы әкімдігінің тұрғындардан ұлттық рух пен қазақстандық бірлікті ескерте отырып, уақыт талабына сай келетін екі көшені қайта атау жөнінде ұжымдық ұсыныс келіп түсті.

Бірінші ұсыныс – И. Франко көшесін Әлия Молдағұлова көшесіне қайта атау. И. Франко көшесінің ұзындығы 1390 метр, ол Парковая көшесінен Ленин көшесіне дейін орналасқан. Әлеуметтік маңызы бар нысандар: «Весна» сауда орталығы, «Умай» сауықтыру кешені, Рудный тарихи-өлкетану мұражайы, орталық балалар кітапханасы және «Люкс» көлік жуу бекеті. Сонымен қатар, мұнда тарихи-мәдени мұра нысандары бар – Ауғанстандағы соғыс қимылдарына қатысушыларды еске алуға арналған жау әскердің жауынгерлік машинасы (ЖӨЖМ), Ұлы Отан соғысы қатысушыларына арналған Даңқobelіскі, Владимир Лениннің мүсіні. 2022 жылы аллеяға үлкен жөндеу жұмыстары жүргізіліп, кеспекше төселді, гүлзарлар жасалды, орындықтар орнатылды, жарықтандыру жаңартылды.

Әлия Молдағұлова – ұлттың бағыр қызы, Кеңес Одағының Батыры, Қазақстанның тумасы, ерлік пен Отанға деген сүйіспеншіліктің символы.

Екінші ұсыныс – «50 лет Октябрі» көшесін «Достық» көшесі деп қайта атау. Көшенің жалпы ұзындығы – 4500 метр, Парковая көшесінен Транспортная көшесіне дейін орналасқан. Көше жөндейді, жақсы жарықтандырылды, асфальт төсемді абаттандыру және қалпына келтіру жұмыстары жүргізілді. Бұл Рудный қаласының орталық көшелерінің бірі. Әлеуметтік маңызы бар нысандар: Бібырай Алтынсарин атындағы Рудный әлеуметтік-гуманитарлық колледж, Рудный индустриалды университеті, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы жалпы білім беретін мектеп, Жастар ресурстық орталығы, №8 кітапхана-филиалы, қалалық емхана, «Мебель парк» сауда кешені, «Уготор» сауда орталығы, «Арсан» фирмасы және басқа да нысандар.

Ұсынылып отырған жаңа атау – «Достық» (қазақ тілінен аудармасы «дружба») – біздің қаламызда және жалпы елімізде әртүрлі этнос өкілдерінің арасындағы бірлік пен татулықты білдіретін символ. Келіп түскен барлық материалдар Рудный қаласы әкімдігі жанындағы ономастика мәселелері жөніндегі жұмыс тобының мүшелерімен егжей-тегжейлі қаралып, заңнама талаптары мен ономастикалық қағидаларға толық сәйкес деп танылып, бірауыздан қолдау тапты және Рудный қалалық мәслихатына ұсынылды. Бүгінгі көпшілік тыңдау қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкес, қала тұрғындарының пікірін ескеру мақсатында өткізіліп отыр. Тапқылау нәтижелері Рудный қалалық мәслихатының тұрақты комиссияларының хаттамасында көрсетіліп, жеті жұмыс күні ішінде Рудный қаласының аумағында таратылатын бұқаралық ақпарат құралдарында, сондай-ақ әкімдік пен мәслихаттың интернет-ресурстарында жарияланады.

Қайта атау мәселелері бойынша халықтың пікірі хаттамалар рәсімделіп, барлық қажетті материалдармен бірге Республикалық ономастикалық комиссияға жолданады. Қорытынды шешім осы комиссияда қабылданады.

